


**Тақырыбы: «Step by Step»
технологиясының негізінде
ұйымдастырылған оқу қызметін
модельдеу.**



Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа Жолдауында «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі м.д.білім беруге баса назар аударған жөн. Және бұл сатыны оларды шығармашылық және интеллектуалды қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әр бір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасына, осы кезеңде қаланатынынен шешен шығармауымыз керек»- деп айтылған.



Тәй тәй бағдарламасы – Джорж Соростың Орталық және Шығыс Еуропа мен ТМД елдерінде ашық қоғам құру мақсатында «Ашық қоғам институты»

қаржыландырып, Джорджтану университеті жанындағы Сәбиді жетілдіру орталығында 0-ден 12 жасқа дейінгі балалармен олардың ата-аналары үшін құрастырылған бағдарлама.

Бағдарлама 1994 жылы Вашингтондағы Джорджтану университеті жанындағы Сәбиді жетілдіру орталығында дайындалып, мектепке дейінгі тәрбие «Тәй-тәй» бағдарламасы әлемнің 30 еліне таратылған.

Технология дегеніміз:

- ▶ Көзделген нәтиженің орындалу кепілі;
- ▶ Нақтылы мақсатқа негізделген болашақ оқу үрдісінің жобасы;
- ▶ Сатыланған және тәртіптелген іс-әрекет жүйесі;
- ▶ Мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы;
- ▶ Білім беру стандартының негізгі талаптарына жетудің нақты жолы;
- ▶ Жоспарланған түпкі нәтижеге жетудің кепілдік берерліктей іс-әрекеттер жиынтығы;

«Step by Step» бағдарламасының негізгі мақсаты:

- Жас бүлдіршіндерді жасытпай оқыту, сенімсіздік комплекстерін жою;
- Балаларды дұрыс қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу;
- Балаларды жан-жақтылыққа, кісілік парасаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Балалардың бойына әлем және адамзат туралы дұрыс түсінікті қалыптастыру;
- Балалардың қоршаған ортасына деген қызығушылығын ояту;
- Балалардың адамгершілік мінез-құлықтарына баға беру мүмкіндіктерімен таныстыру.

Білім, білік дағдылары:

- Өзара сыйластықты түсіне білуге қабілетті;
- Айналасындағыларды ұнатып, жақсы көре біледі;
- Жақсылық жасауға дайын, жақындарын қуантуға асығады;
- Шындықты айтуға, жағымды ойлауға үйренеді;
- Сабырлы болуға, тәрбиелі болуға, ойланып

**«Step by Step» бағдарламасын
насихаттау үшін мұғалімге қажетті
қасиеттер.**

- Жылылық;**
- Түсінгіштік;**
- Сезімталдық;**
- Кең ойлай алу;**
- Баланы шабыттандыра білу;**
- Бала адам ретінде қадірлі болу;**
- Сабағының қызықты әрі пайдалы болуы;**
- Шығармашылық ізденісі;**

Тәрбиешінің жұмыс нәтижесі:

Шәкіртінің;

- Өзін-өзі еркін сезінуімен,
- Сабаққа қызығушылығымен ,
- Білімімен,
- Адамгершілік қарым-қатынасымен,
- Мәдениеттілігімен бағаланады.

Тәрбиешінің түпкі мұраты:

Баланың рухани өсуіне, өзін-өзі тануына басшылық жасау.

Рухани өсу дегеніміз:

- Кісілік қасиетін дамыту,
- Шығармашылық қасиетін дамыту,
- Дүние танымын кеңейту,

Балалар қандай қасиеттерді бойларына сіңіреді.

- Сыни тұрғысынан ойлай білу;
- Өз ойын жеткізе білу және сұрақтарына жауап таба білу;
- Әр іске шығармашылықпен қарау;

«Тәй-тәй» технологиясының философиясы мынандай принциптер негізінде құрылған:

- ▶ -Отбасының оқу-тәрбие жұмысына тікелей қатысуы;
- ▶ -Оқу тәрбие жұмысын жекешелендіру негізінде балаға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып құру;
- ▶ -Топта таңдау мүмкіншілігі жүзеге асыру мақсатында оқу орталықтарын құру;
- ▶ -Оқытушыларға үнемі әдістемелік, техникалық тұрғыдан көмек көрсету.

Оқу орталықтары мынандай критерийлер бойынша құрылады:

- ▶ -Әр орталықтың өзінің нақты шекарасы болуы керек, ол үшін әр түрлі сөрелер, шкафтар, тумбалар, шымылдықтар мен оқу материалдары салынған кәрзеңкелерді пайдалануға болады, бірақ олардың барлығының баланың бойынан биік болмауын есте ұстаған жөн;
- ▶ -Орталықтар балалардың жұптасып немесе аз топпен жұмыс жасауына қолайлы болуы қажет. Былайша айтқанда, орталық 5-6 немесе 7-8 бала сиятындай орын алуы керек;

Оқу орталықтары:

- ▶ -Сауат ашу;
- ▶ -Әдебиет;
- ▶ -Өнер;
- ▶ -Математика;
- ▶ -Ғылым;
- ▶ -Желілі-рольді ойындар;
- ▶ -Құрылыс;

Орталықтар балалар және үлкендер еркін қозғала алатындай ыңғайлы орналасуы тиіс:

- ▶ -Әр орталықтың өз белгісі мен ережесі болуы қажет. Ережелерді мұғалімдер балалармен бірлесе отырып құрады;
- ▶ -Топта балалардың жиналатын орны болуы міндетті, ол жер жайлы, әрі төсеніші болғаны дұрыс;
- ▶ - «Шулы» орталықтардың «Тыныш» орталықтардан басқа бөлмеде орналасуын қадағалаңыз;
- ▶ -Топта столдар мен орындықтар саны жеткілікті болуы қажет;

«Step by step» технологиясы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы: «Коммуникация», «Шығармашылық», «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: жапсыру, ағылшын тілі, жаратылыстану

Тақырыбы: «Үй құстарының сыйы»

Мақсаты: Балаларға үй құстарының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту, олардың қасиетіне қарай тануға және пайдасы мен сыйы туралы мағұлмат беру, үш тілдік құзіреттілігін және зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін кеңейту.

Алдын-ала жұмыс: үй құстары туралы әңгімелесу, сары түсті қағаз сүлгіден домалақтар дайындау, жұмыртқа пішінін жасыл түсті қағазға жапсыру.

Көрнекіліктер:

Көркем әдебиет орталығы: Орталықтарға арналған карточкалар және киімдер, компьютер, дидактикалық ойынға арналған үлестірмелі материалдар, қалам.

Ғылым орталығы: Орталықтарға арналған карточкалар және киімдер, піскен және шикі жұмыртқалар, піскен және шикі тауық еті, ұнтақталған жұмыртқа, топырағы бар гүл ыдысы, пышақ.

Өнер орталығы: Орталықтарға арналған карточкалар және киімдер, желім, жасыл түсті қағазға жапсырылған жұмыртқа пішіні, домалақталған сары түсті қағаздар.

Аспаздық орталығы: Орталықтарға арналған карточкалар және киімдер, піскен жұмыртқа, піскен тауық еті, қызанақ, қияр, майонез, пышақ, тақтай, қағаз сүлгі.

Технология: «Тәй-тәй» бағдарламасы бойынша белсенділік орталықтарындағы жұмыстар .

Жұмыс жасайтын орталықтар: «Көркем әдебиет», «Өнер», «Ғылым», «Ойын».

Алдын-ала жұмыс: Үй құстары туралы суреттерге қарап әңгіме құрастыру, жұмыртқа жапсыру, қағазды умаждау.

Оқу қызметінің құрылымы:

- Ертеңгілік жиын;
- Ой қозғау (жұмбақ шешу);
- Балаларды орталықтарға бөлу: «Көркем әдебиет» орталығы
«Өнер» орталығы
«Аспаздық» орталығы
«Ғылым» орталығы

Назарларыңызға рахмет!

